

**Мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, жұмыс берушілер - «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, теміржол көлігінің өзге ұйымдары және «Қазақстанның салалық теміржол, автомобиль әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі салалық келісім**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, жұмыс берушілер - «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының, теміржол көлігінің өзге ұйымдарының және «Қазақстанның салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі салалық келісім (бұдан әрі – Келісім) – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 152-бабының 2-тармағына сәйкес әлеуметтік серіктестік тараптары арасында жасалған, салалық деңгейде қызметкерлер үшін енбек, жұмыспен камту және әлеуметтік кепілдіктер шарттарын белгілеу жөніндегі тараптардың мазмұны мен міндеттемелерін анықтайтын шарт болып табылады.

2. Осы Келісімнің Тараптары болып Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, теміржол көлігінің өзге ұйымдары (бұдан әрі - Жұмыс берушілер) және «Қазақстанның салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподак) табылады.

3. Келісімнің колданысы Министрлікке, Жұмыс берушілерге, қызметкерлерге және олардың өкілдеріне тарайды.

4. Келісім 2024 жылғы 1 наурыздан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанга дейін колданыста болады.

5. Тараптардың ешкайсысы бір жакты тәртіппен Келісімнің кез келген тармактарының колданысын өзгертуге немесе тоқтатуға күкілы емес. Тараптардың кез келгені Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі келіссөздердің бастамашысы болуға күкілы. Тараптардың кез келгенінің келіссөздердің бастау туралы ұсынысы басқа Тараптар үшін міндетті болып табылады. Келіссөздердің басталуы туралы жазбаша ұсыныс алған Тараптар он күнтізбелік күн ішінде ұсынысты карауға және келіссөздерге кірісуге міндетті.

6. Келісімге белгіленген тәртіппен кабылданған барлық толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және онымен бірдей заңды күшке не болады.

7. Осы Келісім қызметкерлерге және олардың отбасыларына, зейнеткерлерге ұжымдық шарттарға міндетті түрде қосылатын ең төменгі әлеуметтік кепілдіктерді белгілейді және осы кепілдіктердің кенейтудегі Жұмыс берушілер мен қызметкерлердің күкікшарын шектемейді.

8. Енбек құқығы нормаларынан тұратын, Келісімнің қолданысы кезеңінде қабылданған және қызметкерлердің әлеуметтік-енбек және экономикалық жағдайын жақсартатын заңдар мен өзге де нормативтік актілер олар күшіне енген күнінен бастап Келісімнің тиісті тармактарының қолданысын көнектеді.

9. Мемлекеттік басқару органдарын, сала ұйымдарын қайта ұйымдастыру, меншік ислерінің аудиосы осы Келісімнің қолданысын тоқтатуға апармайды.

10. Тараптар осы Келісімді темір жол саласының ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыруға, қызметкерлердің өмірлік деңгейін арттыруға, әлеуметтік-экономикалық және енбек құқықтарын қорғауды нығайтуға бағытталған, келісілген әлеуметтік-экономикалық саясатты жүргізуін қалпы қағидаттарын белгілейтін әлеуметтік серіктестіктің негізгі күжаты деп таниды.

11. Келісімнің Тараптары бір біріне ұйымдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мәселелері бойынша, Келісімнің орындалу барысы туралы, қызметкерлердің енбек, кәсіподақ және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мұдделерін қозғайтын қабылданатын шешімдер туралы акпаратты толық және уақтылы тапсырады, әлеуметтік-экономикалық проблемалар бойынша өзара консультациялар жүргізеді, енбек заңнамасының сакталуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

## **II. Тараптардың міндеттемелері**

12. Келісім қолданысы мезгілінің аяқталуына үш ай калғаннан кешіктірмей жаңа Келісімді әзірлеу мен жасау жөніндегі келіссөздерді бастауга міндеттеме алады.

13. Министрлік:

1) ел экономикасының басым саласы ретінде темір жол көлігінің дамуына, оның табысты жұмыс істеуі үшін мемлекеттік қолдау көрсетуге;

2) көлік саласындағы жұмыстың тиімділігін көтеру және жұмыстардың енбек сыйымдылығын төмендету мақсатында тұтынылатын өнімге, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалардың өзгеруін ескере отырып, реттелетін қызметтерге (бағаларға, мөлшерлемелерге, алымдарға) және жүктерді тасымалдауға арналған тарифтердің дер кезінде индексациялануына жәрдем көрсетуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалпы мемлекеттік мәні бар аса маңызды объектілердің құрылышын қаржыландыруға арналған бюджеттік қаржылардың бөлінуіне көмек көрсетуге;

4) әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруши тасымалдаушылардың шығындарын респубикалық бюджеттен субсидиялауга көмек көрсетуге;

5) теміржол көлігінің ұйымын таратқан кезде босатылатын қызметкерлерді осы Келісімнің және Қазақстан Республикасының енбек заңнамасының шарттарына сәйкес енбекке орналастыру жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруға:

теміржол көлігінің ұйымын таратқан кезде;

шығындары бюджеттік қаражат есебінен ұзак мерзімді субсидиялауга жататын әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруши тасымалдаушыларды анықтау жөніндегі ашық тендер негізіндегі конкурс корытындылары бойынша әлеуметтік маңызды маршрутты жаңа тасымалдаушыға тапсыру кезінде (тасымалдау процесіне тартылған қызметкерлердің, соның ішінде қасіптері тасымалдау процесіне тартылған қызметкерлердің санына тәуелді қызметкерлердің нормативтік санына сәйкес);

6) салалық нормативтік күжаттарды (еңбек жағдайлары мен ақы төлеу, әлеуметтік көргау мәселелері жөніндегі нұсқаулықтар, ережелер мен ұсыныстар) әзірлеу кезінде Жұмыс берушілермен және Кәсіподакпен саланың және теміржол көлігінің жекелеген үйымдарының жағдайы және дамуы мәселелері бойынша консультациялар мен пікір алмасулар еткізуге міндеттеме алады.

#### 14. Жұмыс берушілер:

14.1. Еңбекке ақы төлеу, еңбек қатынастары, еңбек және демалыс режимі саласында:

1) Жұмыс берушілер қызметкерлерінің негізгі еңбекақысының үлесін бір жолғы ынталандырыш төлемдердің есебінсіз, кемінде 75 пайыз мөлшерінде қамтамасыз етуге;

2) ұжымдық шарттарда бірінші разрядты жұмыскердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің ең тәменгі мөлшерін және тарифтік кестелердегі разрядаралық коэффициенттердің ең тәмен мәндерін көздеуге;

3) ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге еңбек жағдайының зияндылығы мен өндірістік объектілерді қауіптілік деңгейі бойынша жіктелетін еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері бойынша тарифтік мөлшерлемелеріне (лауазымдық жалақыларына) қосымша ақы төлеуді жүргізуге.

Тарифтік мөлшерлемеге (жалақыға) қосымша төлемдер мөлшерлері жұмыс жағдайларының нақты жайына және жұмыстарды орындаудың ұзактығына қарай өндіріс объектілерін өндірістік факторлардың зияндылық деңгейлері бойынша еңбек жағдайлары бойынша аттестациялауды жүргізу жөніндегі аттестациялық комиссияның корытындысы негізінде балдардың жиынтығы бойынша белгіленеді:

- 0,1-ден 1,0 балға дейін - 5 пайыз мөлшерінде;
- 1,1-ден 2,0 балға дейін - 8 пайыз,
- 2,1-ден 3,0 балға дейін - 10 пайыз,
- 3,1-ден ,0 балға дейін – 12,0 пайыз,
- 4,1-ден 5,0 балға дейін – 14,0 пайыз;
- 5,1-ден 6,0 балға дейін – 16,0 пайыз;
- 6,1-ден 7,0 балға дейін – 18,0 пайыз;
- 7,1-ден 8,0 балға дейін – 20,0 пайыз;
- 8,1-ден 9,0 балға дейін – 22,0 пайыз;
- 9,1-ден 10,0 балға дейін – 24,0 пайыз;
- 10 балдан жоғары – 25,0 пайыз»;

4) қызметкерлерді демалыс және мереке күндері жұмыстарды орындауға Қазақстан Республикасының еңбек заннамасымен және ұжымдық шарттармен қарастырылған жағдайларда ғана тартуга;

5) уақыттан тыс жұмыс сағаттары үшін еңбекке уақыт бойынша ақы толенетін кездегі күндізгі (сағаттық) тарифтік мөлшерлемені ескеріп, бір жарым еседен кем емес мөлшерде ақы төлеуге. Еңбекке кесімді ақы төлеу кезінде уақыттан тыс жұмыс сағаттары үшін қосымша ақы қызметкердің белгіленген күндізгі (сағаттық) ставкасының елу пайзынан кем емес мөлшерінде төленеді.

Тараптардың келісуі бойынша уақыттан тыс жұмыс үшін бір сағат уақыттан тыс жұмыс үшін кемінде бір сағат демалыс есебімен демалыс сағаттарын беруге рұксат етіледі.

6) тұнгі уақыттагы жұмыстың әрбір сағаты үшін төлемді қызметкердің күндізгі (сағаттық) тарифтік мөлшерлемесінің бір жарым еселенген мөлшерінде жүргізуге.

Жұмыстың тұнгі уақыты мереке немесе демалыс күніне сәйкес келген жағдайда еңбекке ақы төлеу тұнгі сағаттар және мереке немесе демалыс күндердегі сағаттар үшін ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес жеке төленеді.

7) жұмыс берушіге және қызметкерге байланысты емес себептер бойынша жұмыссыз бос тұру уақытына ең төменгі еңбекакы мөлшерінен төмен емес, жұмыс берушінің кінасі бойынша - орташа айлық еңбекакының елу пайзынан кем емес мөлшерде төлеуге;

Кызметкердің кінасы бойынша бос тұру уақыты ақы төлеуге жатпайды.

8) жұмыс уақытының толық емес режиміне кешкен кезде зейнетакы жасына толуга үш және одан кем жыл қалған қызметкерлерге еңбек, ұжымдық шарттарда белгіленген жағдайдарда толық жұмыс уақыты режимін (толық жұмыс аптасын) сактауға;

9) өндіріс жағдайы бойынша күнделікті жұмыс уақытының ұзақтығы сактала алмайтын жерлердегі тәуліктік үздіксіз жұмыстарда істейтін қызметкерлерге жұмыс беруші қызметкермен (қызметкерлер өкілімен) келісу бойынша жұмыс уақытының жинақталған есебін ай, тоқсан есептік кезеңімен енгізеді. Есептік кезең үшін жұмыс уақытының нормасы алты күндік жұмыс уақытының тенгеріміне сүйену арқылы анықталады.

Жұмыс уақыты мен демалыс уақытын реттеу барлық есептік кезең үшін бекітілген ауысымдық графiktің негізінде жүргізіледі, бұл ретте қабылданған есептік кезеңінің демалыс күндерінің саны осы есептік кезеңінің демалыс күндерінің санына тең болуы тиіс.

10) мыналарды:

а) «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған қызметкерлерді материалдық ынталандыруды;

б) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қосымша ақылар мен үстемелерді төлеуді жүргізуге.

Материалдық ынталандыруды, қосымша ақылар мен үстемелерді төлеу тәртібі мен жағдайларын ұжымдық шарттарда, Жұмыс берушінің актілерінде белгілеуге.

11) еңбекақы төлеу кезінде әрбір қызметкерді оған тиісті кезенде тиесілі еңбекақының құрамдас бөліктері, жүргізілген ұстаулардың мөлшерлері мен негіздемелері, сондай-ақ төлеуге жататын жалпы ақшалай сома туралы жазбаша нысанда хабардар етуге;

12) міндетті зейнетакы жарналарын жинактаушы зейнетакы қорына дер кезінде аударылуын қамтамасыз етуге;

13) тұракты жұмысы жолда ететін немесе жүріп-тұру сипатындағы қызметкерлерге, сондай-ақ қызметкерлерге қызмет көрсететін участеклері, елді мекендер шектерінде қызметтік іссапарлар мен жол журулер кезінде шығыстарын Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұжымдық шарттарға сәйкес өтеуге;

14) олардың жұмысы тасымалдау процесінің үздіксіздігімен, поездар қозғалысының қауіпсіздігімен, еңбек міндеттерін қызмет көрсету участеклерінде шектерінде жолда және разъездерде тұракты орындаумен байланысты қызметкерлердің жекелеген санаттарының жұмыс уақыты мен демалыс уақытын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілетін актілерге сәйкес реттеуге;

15) қызметкерлерге жұмыс орнын (лауазымын) сактаумен:

- а) негізгі жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалыстарын;
- б) қосымша жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалыстарын;
- в) әлеуметтік демалыстар беруге.

Демалыстардың ұзақтығын, берілуін, ақы және өтемақы төленуінің жағдайларын еңбек, ұжымдық шарттармен белгілеуге.

Қызметкерге жазбаша өтінішінің негізінде еңбекақысы сакталмайтын демалыс беруге.

16) негізгі жұмысынан босатылмай басқа қызметкерлерді олардың біліктілік деңгейін көтеретін екінші бір мамандыққа оқытуға тартылатын білікті қызметкерлердің жұмысына ақы төлеуге;

17) окуда, біліктілігін көтеру немесе қайта даярлауда болған кезең ішінде қызметкердің бұрынғы жұмыс орнын (лауазымын) және еңбекақысын сактауга;

18) қызметкерлердің жекелеген санаттарының тарифтік мөлшерлемелерін (жалақыларын) көтеру, жұмысты аса қын метеорологиялық жағдайлар кезеңінде (аяздар, борандар, үйінділер, аптап) үнемі ашық ауада орынданытын, кесімді еңбекақы алатын жұмысшыларға белгіленген өндірім нормаларын төмендетуге және арнайы үзілістер беруге (төлем жасау тәртібі мен регламенті еңбек, ұжымдық шарттармен белгілсін);

14.2. Жұмыстан босатылатын қызметкерлерді жұмыспен қамту және әлеуметтік коргау саласында:

1) жұмыс орындарын қысқартуға немесе еңбек жағдайларының нашарлауына әкеліп соғатын Жұмыс берушінің (меншік иесінің) бастамасы бойынша үйімдарды таратқанда, құрылымдық белімшелерді жапқанда, меншік нысанын өзгерткенде, өндірісті толықтай немесе ішинара токтатқанда Кәсіподакты алдын ала (кем дегенде бір ай бұрын) хабардар етуге және

қызметкерлердің әлеуметтік, еңбек құқыктары мен мұдделерін сақтауға қатысты барлық мәселелер бойынша көліссеөздер жүргізуге;

2) жұмыс көлемі азайған жағдайда жұмыс істеушілердің санын, бірінші кезекте:

а) кадрлардың табиги кемуі және оларды қабылдауды уақытша шектеу;

б) меншікті қаражаты есебінен кадрларды қайта оқыту, қайта даярлау жөніндегі іс-шаралар;

в) кадрларды бөлімшениң ішінде босаган жұмыс орындарына ауыстыру;

г) қызметкерлерді уақытша және маусымдық жұмыспен қамтуды пайдалану;

д) жұмыстан босатуға балама уақытша шара ретінде толық емес жұмыс күнін қолдану;

е) ұйымның құрылымдық бөлімшелері ішінде орын ауыстыру, тұрғын үй беру немесе оны жеңілдікпен сатып алу үшін жағдайлар жасап, қызметкер мен оның отбасы мүшелерінің жол ақысын төлеп және басқа да жеңілдіктер беріп жаңа жұмыс істейтін жерге көшіру;

ж) еңбек шартты тараптарының уағдаластығы бойынша ауыстырған сәттен бастап үш ай бойында бұрынғы жұмыс орны бойынша орташа еңбекакысын сақтау арқылы басқа, тұрақты еңбекакысы төмен жұмысқа ауыстыру есебінен реттеуге;

3) өндіріс көлемдерінің төмендеуіне, ұйымдардың қайта ұйымдастырылуына, таратылуына байланысты жұмыстан босатылатын қызметкерлерді әлеуметтік қолдаудың келесі шараларын жүзеге асыруға:

а) жұмыспен қамту мәселелері жеңіндегі уәкілетті органга қызметкерлердің санының немесе штатының қыскаруына байланысты қызметкерлердің алдағы босатылуы, лауазымдары мен кәсіпптері, мамандықтары, біліктілігі мен еңбекакы мөлшері, босатылатын қызметкерлер және олар босатылатын мерзімдер көрсетіле отырып, оларға қатысты болуы мүмкін қызметкерлердің саны мен санаттары туралы босату басталғанға дейін кемінде бір ай бұрын акпарат беруге;

б) жұмыстан босатылатын қызметкерлерді жұмыстан босатылардан кем дегенде бір ай бұрын жазбаша хабардар етуге;

в) өз бетімен жұмыс іздеу үшін оларға алтасына бір күн немесе әр жұмыс күнінде екі сағат уақыт беруге;

г) жұмыстан босатылатын қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орташа айлық еңбекакы мөлшерінде өтемакы және екі орташа айлық еңбекакы мөлшерінде қосымша өтемакы толеу (төлем шарттары енбек, ұжымдық шарттарда атап көрсетіледі);

4) жұмыстан босатылатын қызметкерлердің тиісті қайта даярлаумен бос жұмыс орындарына басымдылықпен орналастырылуын қамтамасыз ету. Ұйымның қаражаты есебінен қызметкерлердің қайта мамандануын (басқа касіпптерге оқыту), оку кезінде олардың еңбекакысының жетпіс бес пайызын толеу арқылы жүзеге асыру;

5) штат санын қысқартқан кезде жұмыста қалдырудың артықшылық құқығын:

а) жалғыз асыраушы немесе мүгедек балаларды тәрбиелеуші болып табылатын қызметкерлерге;

б) төрт және одан көп баласы бар көпбалалы отбасылардың ата-аналарына;

в) теміржол көлігінде: ерлерге - кем дегенде 25 жыл, әйелдерге - 20 жыл жұмыс істегендерге;

г) «Күрметті теміржолшы» белгісімен марапатталғандарға беру.

Қызметкерлер штаты ұлғайтылған кезде соңғы алты ай ішінде штаттың қысқартылуына байланысты жұмыстан босатылған қызметкерлерге бар бос орындар туралы оларға жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлау (егер қызметкер жазбаша хабарламаны алғанинан кейін он күн ішінде үйымға жүгінбесе, ол жұмысқа орналасудың артықшылық құқығынан айырылады).

6) штат қысқартылған жағдайда саланың бөлімшелеріндегі жұмысқа еңбек шарттары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармагының 4), 8-18), 21), 22) тармақшаларымен қарастырылған негіздер бойынша бұзылатын қызметкерлерден басқа темір жол көлігінде кем дегенде 20 жыл жұмыс істеген, жасы бойынша зейнеткерлікке шығу құқығының басталуына дейін үш жыл қалған қызметкерлерге кепілдік беруге;

7) мерзімді әскери қызметке немесе әскери жиындарға шакыртуға жататын қызметкерлерге әскерге басқарудың жергілікті органдардың шакырылуы туралы шакыру қағазы болған кезде медициналық комиссия өту кезеңінде жұмыс орны бойынша жұмыс орнын (лауазымын), еңбек ақысын сақтауға, ал мерзімді әскери қызмет немесе әскери жиындар өту кезеңінде еңбекақысы сақталмайтын демалыстар беруге.

14.3. Еңбек шарттарын және еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында:

1) қазіргі заманғы технологияларды колданумен персоналды еңбекті қорғауга оқытуға, кешенді дайындауға және еңбекті қорғау жөніндегі құқықтық мәдениетті көтеруге, өндірістік жаракаттанушылықты және кәсіби ауруларды төмendetуге бағытталған іс-шараларды қаржыландыру жөнінде шаралар қабылдауға;

2) өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруге;

3) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайларын жаксарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге:

а) арнайы киім мен аяқкиімге, жұмыс орындарында еңбек жағдайларын жаксартуға, оларды профилактикалық өндеу құралдарымен, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен, сүтпен немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерімен және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған арнайы өнімдермен, жеке және ұжымдық қорғану құралдары шығындарын есепке алмаганда, жыл сайын мақсатты түрде еңбекақы төлеу корынан кемінде 1 пайыз мөлшерінде қаражат белуге;

б) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестациялауды жүргізуғе;

в) өндірістік объектілерді енбек жағдайлары бойынша аттестациялау нәтижелері бойынша профилактикалық мақсатта сүт немесе баска тен дәрежелі азық-түліктер беруге;

г) жұмыс орындарын жетілдіру кезінде ұйымдардың, цехтардың, участкердің, ауысымдар мен жеке жұмыс орындары жұмысының технологиялық процесіне тиісті түзетулер енгізуге;

4) Кәсіподак тарапынан енбек қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы жағдайына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауга;

5) жұмыс істеушілерді арнайы киіммен, аяқ киіммен, жеке қорғану қуралдарымен, жуғыш, дезинфекциялаушы қуралдармен енбек, ұжымдық шарттармен белгіленген нормалар бойынша және мерзімде қамтамасыз ету;

6) жұмысы поездар қозғалысымен және жолаушыларға қызмет көрсетумен байланысты, бекітілген тізбеге сәйкес жұмыс уақытында нысандық киім кио міндетті болып табылатын қызметкерлерге белгіленген нормативтер бойынша нысандық киімді (карастырылған айрым белгілерімен және аксессуарларымен) ақысыз беруді жүргізу;

7) қызметкерлерді олардың енбек қызметі барысында оларға жұмыс орындарын (лауазымын) және орташа енбекақысын сактай отырып, жұмыс берушінің қаражаты есебінен міндетті мерзімді медициналық тексеруді жүргізу;

8) жұмыс орындарында санитарлық нормаларға сәйкес салауатты енбек жағдайларын қамтамасыз ету және қызметкерлерді жұмыс орнында қауіпсіз енбек жағдайлары қамтамасыз етілмеген жағдайда міндеттерін орындауға тартпау;

9) үәкілетті органдардың талабы бойынша жұмыс токтатылған жағдайда, оған орташа енбекақысын сактай отырып, қызметкерді баска жұмыс орнына ауыстыру;

10) өндірістегі жазатайым оқиганың немесе кәсіби аурудың нәтижесінде жұмыс істеу қабілетін толық немесе ішінара жоғалтқан қызметкерге, ал қызметкер кайтыс болғанда оны алуға құқығы бар тұлғаларға бір реттік жәрдемақы төлеу және денсаулығына келтірілген зиян немесе қызметкердің өлімі үшін енбек, ұжымдық шарттарда белгіленген тәртіппен және мөлшерде, алайда Қазақстан Республикасының заннамасында көзделгеннен төмен болмайтын мөлшерде залалды өтеу.

#### 14.4. Әлеуметтік кепілдіктер саласында:

1) ұжымдық шарттарды әзірлеу кезінде әлеуметтік женілдіктер мен кепілдіктер беру саласында бірыңғай саясатты жүзеге асыру;

2) Жұмыс берушінің бюджетінде қаражат болған кезде медициналық сактандыру жүйесі арқылы немесе медицина мекемелерімен тікелей шарттар жасасу жолымен саланың барлық қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының емдеу мекемелерінде медициналық қызметтің көрсетілуін қамтамасыз ету;

3) ұжымдық шарттарда енбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысадын, сондай-ақ жұмысы поездар қозғалысының қауіпсіздігімен байланысты қызметкерлерге Қазақстан Республикасының

заннамасымен белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін салалық жардемақы енгізу мәселесін қарастыру;

4) ұжымдық шарттарда қайтыс болған қызметкерлер мен зейнеткер-теміржолшылардың отбасыларына материалдық көмек көрсету жөніндегі шараларды (Қазақстан Республикасының заннамасымен белгіленген, жерлеуге арналған кепілдіктердің ақысыз көрсетілетін қызметтер мен жәрдемақылардың тізбесіне қосымша) қарастыру;

5) уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша еңбек, ұжымдық шарттарда көзделген, алайда Қазақстан Республикасының заннамасымен белгіленгеннен кем емес мөлшерлерде әлеуметтік жәрдемақылар төлеу;

6) ұжымдық шарттарда аралықтарда, бөлу пункттерінде және станцияларда тұратын теміржолшыларды сапалы сумен жабдықтауды жақсарту жөніндегі шараларды белгілеу;

7) ұжымдық шарттарда зейнеткерлікке шықкан қызметкерлерге материалдық көмек көрсету тәртібін, мөлшерін белгілеу және әлеуметтік колдау көрсету тәртібін айқындау;

8) бірінші және екінші топ мүгедектігі, зейнеткерлік жасқа толуы бойынша зейнеткерлікке шығуына байланысты темір жол көлігі ұйымдарынан жұмыстан босатылған кезде қызметкерлерге біржолғы өтемақы төлеу;

Бір жолғы өтемақыны төлеу шарттары мен мөлшерлерін ұжымдық шарттарда қарастыру.

9) Жұмыс берушілердің ішкі құжаттары шенберінде қызметкерлерді сауықтыру үшін санаторлық-курорттық емдеуге жолдамаларды жеңілдік бағамен беру немесе қызметкерлерге санаторлық-курорттық емдеуге арналған шығындарын толық/ішінара ақшалай өтеу мүмкіндігін қарастыру;

10) темір жол көлігіндегі жұмыс қызметкерді адаптациялауда енбегі үшін мерейтойлық даталарға: әйелдер үшін 55 жасқа, ерлер үшін 60 жасқа толуына байланысты біржолғы көтермеледі жүргізу. Шарттары мен мөлшерлерін ұжымдық шарттармен қарастырылсын;

11) жыл сайын теміржолшылар балаларының жазғы демалысы мен жана жылдық өртөнділіктерін үйлемдестеруга және жана жылдық сыйлықтарға қаражат қарастыру. Тәртібі мен шарттары ұжымдық шарттармен және Жұмыс берушінің актілерімен белгіленсін;

12) тұрғын үйлері жұмыс орнынан екі километрден артық қашықтықта болғанда және қоғамдық көлік болмағанда қызметкерлерді жұмыс орнына және кері қарай қызметтік көлікпен тасымалдауды жүзеге асыру. Тәртібі, шарттары мен мөлшерлері ұжымдық шарттармен қарастырылсын;

13) 3, 4, 5-класстың станцияларына, озын пункттеріне және разъездерге жұмыс істеуге келген жас маман-теміржолшыларға үстемелер қарастыру және орналасуға материалдық көмек көрсету (материалдық көмекті көрсету тәртібі мен мөлшерін еңбек және ұжымдық шарттармен белгіленсін);

14) кадрларды жөлілік станцияларда және белек пункттерде бекіту үшін оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша шаралар қарастыру;

15) қызметкерлерге және олардың асырауындағылардың біреуіне, өндірістегі жазатайым оқиғаның нәтижесінде қайтыс болған қызметкерлердің балаларының біреуіне (балалар 18 жасқа толғанға дейін) жылына бір рет

(баратын жеріне және көрі қарай) Қазақстан Республикасының және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумағы бойынша ақысыз жол жүруді беру. Тәртібі мен шарттары ұжымдық шарттармен белгіленсін;

16) темір жол көлігі ұйымдарынан шыккан, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге Қазақстан Республикасының және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумағы бойынша теміржол көлігіндегі жылына бір рет (барып-қайту) жол жүрге арналған шығыстарын өтеуді жүргізу. Тәртібі мен шарттары ұжымдық шарттармен белгіленсін;

17) сала қызметкерлерін және олардың балаларын темір жол бейініндегі жоғары және орта кәсіби білім беру ұйымдарында қажетті техникалық мамандықтарға оқытуға қаражат қарастыру. Тәртібі мен шарттары еңбек, ұжымдық шарттармен және Жұмыс берушінің актілерімен белгіленсін.

#### 14.5. Кәсіподак қызметінің кепілдіктері:

1) Кәсіподактың құқықтарын сақтауга, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіподак органдарының қалыпты қызмет етуі үшін қажетті жағдайлар туғызуға;

2) Кәсіподакқа Жұмыс берушінің Келісіммен және ұжымдық шарттармен қарастырылған міндеттемелерін орындау туралы қажетті акпаратты беруге;

3) кәсіподак органдарына олардың қызмет етуіне қажетті жайларды, жиһаздарды, ұйымдастыру техникасын, байланыс куралдарын ақысыз пайдалануға беруге;

4) Кәсіподак мүшелерінің, ұжымдық шарттарға қосылған қызметкерлердің жазбаша келісімімен еңбекақы төлеумен бір мезгілде бухгалтерия арқылы мүшелік және ерікті жарналарды ұстап қалуға және Кәсіподак шотына аударуға;

5) егер мұның алдында теміржол көлігі ұйымдарында жұмыс істесе теміржол көлігіндегі жұмыс өтіліне салалық кәсіподак ұйымындағы жұмыс кезеңін есептеуге;

6) сайланбалы кәсіподак органдарының негізгі жұмыстан босатылмаған мүшелеріне олардың қоғамдық міндеттерін орындауына орташа еңбекақысын сақтай отырып, жұмыстан бос уақыт беруге (коғамдық міндеттерді орындауга уақыт беру тәртібі ұжымдық шарттармен белгіленеді);

7) өндірістік жұмыстан босатылмаған кәсіподак органдарының басшылары жоғары тұрган кәсіподак органының дәлелді пікірінсіз тәртіптік жазага тартыла алмайды.

Қазақстан Республикасы Енбек кодексінің 58-бабы 14-тармагының 1), 4), 8) – 18), 21), 22) тармақшаларымен қарастырылған жағдайлардан басқада оларды сайлау өкілеттіктері аяқталғаннан кейін бір жылдың ішінде жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатуға жол бермілмейді;

8) кәсіподак органдарында сайланбалы лауазымдарга сайлануы салдарынан өндірістік жұмыстан босатылған қызметкерлерге олардың сайлану өкілеттіктері аяқталғаннан кейін бұрынғы жұмысы (лауазымы) немесе сол үйимда соған тен дәрежелі жұмыс беруге;

9) делегаттарға, сайланбалы кәсіподак органдарының өндірістік жұмыстан босатылмаған мүшелеріне, қызметкерлерге поездын купелік

вагонында жол жүру құжаттарына ақы төлеуге және конференцияларға, кәсіподак съездеріне және басқа кәсіподвқтың іс-шараларына қатысуға байланысты іссапарлық шығыстарының өтелуін қамтамасыз етуге міндеттеме алды.

### 15. Кәсіподак:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жарғының ережелерін, кәсіподак органдарының шешімдерін сактауга;

ұжымдық шарт, салалық, өнірлік, бас келісімдер бойынша міндеттемелерді орындауга;

өкілеттіктер шегінде әлеуметтік-енбек жанжалдарының алдын алу жөнінде шаралар колдануға;

кәсіподак мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін сактауын қамтамасыз етуге;

кәсіподак мүшелері мен ұжымдық шартқа қосылған қызметкерлер арасында олардың құқықтық, оның ішінде Қазақстан Республикасы енбек заңнамасының негіздері, сондай-ақ ұжымдық шарт ережелері бойынша сауаттылығын арттыру, келісіздер жүргізе алу және енбек дауларында консенсустарға қол жеткізу дағдыларын дамыту жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізуға;

қызметкерлердің ішкі енбек тәртібі мен енбек тәртібі қағидаларын, сондай-ақ енбек қауіпсіздігі және енбекті корғау қағидаларын сактауына жәрдемдесуге;

жарғыда айқындалған шарттарда және тәртіппен кәсіподак мүшелеріне ақшаның тусуі және жұмысалуы туралы акпарат беруге;

кәсіподак мүшелері болып табылмайтын қызметкерлердің жазбаша отініштері негізінде олардың мүдделерін кәсіподак мүшелеріне арналғандай шарттарда білдіруге;

сайланған немесе кайта сайланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге сайланбалы кәсіподак органдарының негізгі жұмысынан босатылмаған мүшелері туралы акпарат беруге;

2) сенім мен өзара түсіністік негізінде әлеуметтік әріптестікті дамытуға;

3) Кәсіподак мүшелерінің және ұжымдық шартқа қосылған қызметкерлердің әлеуметтік-енбек құқықтары мен мүдделерін мына мәселелер:

а) олардың өмір сүру деңгейін көтеру;

б) жұмыстан шығу және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;

в) жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимін сактау бойынша корғауға.

4) осы Келісім орындалған жағдайда өндірісте енбек қақтығыстарына және жұмыстың тоқтатылуына жол бермеуғе;

5) салауатты өмір салтын насиҳаттау жөніндегі жұмысты жүргізуғе, қызметкерлердің, мүгедектердің санаторлық-курорттық емделуін, сондай-ақ теміржолшылар балаларының демалуы мен сауықтырылуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа қатысуға;

6) өндірісте қауіпсіз және салауатты енбек жағдайларының жасалуына қоғамдық бакылауды жүзеге асыруға.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеруге, оларды болдырмай жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысуға, зардап шегушілердің негізсіз айыпталуына жол бермеуге;

7) еңбек міндеттерін орындаудың алған жаракаттан немесе денсаулығына келтірілген басқа закымданулардан қызметкерге келтірілген зиянды Жұмыс берушінің уақтылы және толық өтеуі мәселелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасына сәйкес біржолғы жәрдемақыны төлеу мәселелерін шешу кезінде өндірісте зардап шеккен қызметкерлерге және қаза болғандардың отбасыларына ақысыз консультациялар беруге және құқықтық көмек көрсетуге;

8) Кәсіподактың еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік мәселелерімен айналысатын өкілдерін оқытуды жүргізу, осы саладагы жұмыстың оң тәжірибесін зерделеуге және таратуға;

9) еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмысын жетілдіруге;

10) мемлекеттік билік органдарында, Жұмыс берушінің алдында, сот және басқа органдарда Кәсіподак мүшелерінің және ұжымдық шартқа қосылған қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, сотка талап арыздарын беруге, прокуратура алдында Кәсіподак мүшелерінің және ұжымдық шартқа қосылған қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделеріне иүқсан келтіретін нормативтік және құқықтық актілерге наразылық білдіру туралы етінуге;

11) Кәсіподак мүшелеріне және ұжымдық шартқа қосылған қызметкерлерге үйымдастырушылық, консультативтік, құқықтық және Кәсіподак қаражатынан материалдық көмек көрсетуге;

12) Жұмыс берушілерге Кәсіподактың Келісімде көзделген міндеттемелерді орындауды туралы қажетті ақпаратты беруге міндеттеме алады.

### **III бөлім. Теміржол саласының бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын карау тәртібі**

16. Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды әзірлеу мен іске асырудың үйлестірушісі Министрлік болады.

17. Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды әзірлеудің, оларға езгерістер мен толықтырулар енгізуудің бастамашысы болуға Келісім Тараптарының кез келген құқылы.

18. Саланың бағдарламалық және стратегиялық құжаттарының мазмұны бойынша ұсыныстарды Әлеуметтік серіктестік және алеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды, ол келісілген ұстанымды түпкілікті әзірлеу үшін ұжымдық келіссөздер мен өзара консультациялар жүргізеді.

### **IV бөлім. Салада әлеуметтік серіктестікті және диалогты дамыту**

19. Тараптар алеуметтік және экономикалық даму және еңбек қатынастарын реттеудің негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау

кезінде оның мүмкіндітерін негұрлым тиімді пайдалану үшін әлеуметтік серіктестікті одан әрі дамытуды қамтамасыз ету қажет деп санайды.

**20. Тараптар:**

тұрақты жұмыс істейтін салалық Комиссия құру;

Комиссияның Тараптардың мүдделерін келісудегі рөлін көтеруге бағытталған шараларды іске асыру;

әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары бойынша консультациялардың тұрақты жүргізуі қамтамасыз ету;

Комиссияның әлеуметтік-енбек және олармен байланысты экономикалық қатынастар мәселелері жөніндегі жобалар мен өзге нормативтік құқықтық актілерді дайындау мен талқылауға қатысуына қатысты Қазақстан Республикасының Енбек кодексі нормаларының орындалуын, олар бойынша Комиссия пікірін есепке алу;

Келісімнің орындалуы және олардың мазмұнының нақтылануы;

Комиссиялардың өкілеттіктерін айқын шектеу және кеңейту;

ұжымдық шарттар мен келісімдердің орындалмағаны үшін жауапкершілікті күшеттуді қамтамасыз ету;

әлеуметтік серіктестік жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын, әлеуметтік-енбек қатынастарын шарттық реттеу мен ұжымдық енбек дауларын шешудің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін құқықтық базаны жетілдіруге бағытталған ұсныстарды дайындау жөніндегі бірлескен жұмысты жалғастыру;

әлеуметтік серіктестік жүйесін және салалық және өнірлік деңгейлерде оның институттарын дамытуға жәрдемдесу жөнінде өздеріне міндеттемелер алады.

#### **V бөлім. Әлеуметтік енбек қақтығыстары мен ереуілдердің алдын алу және болдырмау жөніндегі іс-шаралар**

21. Тараптар Келісімнің қолданыс кезеңінде ұжымдық енбек даулары мен ереуілдердің пайда болуын тұтызуы мүмкін себептер мен жағдайлардың алдын алу шараларын қабылдауға уағдаласты.

22. Тараптар енбек дауларын тек бітістіру рәсімдері жолымен шешуге және олар кейіннен заңсыз деп танылуы мүмкін іс-кимылдарға жол бермеуге міндетті.

23. Тараптар Қазақстан Республикасының Енбек кодексімен, ұжымдық шарттармен және Жұмыс берушінің актлерімен белгіленген, ұйымдардың Қызметкерлерімен тікелей де және олардың өкілдері арқылы да әлеуметтік-енбек мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, ұсныстарды карайды, келіссездер мен консультациялар жүргізеді.

**24. Кәсіподактар:**

Жұмыс берушілерге енбек тәртібін ныгайту мәселелерінде көмектеседі, ұжымдық шарттар ережелерін түсіндіреді;

ұжымдық енбек дауларын шешу кезінде бітістіру рәсімдерін, енбек төрелігін, делдалдықты барынша қолданады;

Келісімнің қолданыс кезеңінде Жұмыс беруші өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындаған жағдайда ереуілдердің пайда болуына жол бермейді;

Жұмыс берушілерді Кәсіподактың алқа органдарының шешімдері туралы хабардар етеді, жоспарланып отырған ұжымдық іс-кимылдар туралы уақтылы ескертеді;

өзінің бастамасы бойынша жұмыс қаркынын төмендетуге, ереуілдік қозғалыстар мен өндірістің қалыпты барысының өзгерулерін тузызатын өзге бұзушылықтарды ұйымдастыруға және өзге де бұзушылықтарға жол бермейді. Тотенше сипаттағы ескерту шараларын (аштық, жұмысты тоқтату және (немесе) уақытша тоқтату, жұмысқа шықпай және т.б.) қызметкерлер, қызметкерлердің өкілдері тек бітістіру рәсімдерін өткізгеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және негіздердеғана қабылдай алады.

## **VI белім. Қабылданған міндеттемелердің орындалуы үшін тараптардың жауапкершілігі**

25. Тараптар осы Келісімді әлеуметтік серіктестіктің негізгі құжаты деп таниды. Келісімге қол қойған әрбір Тарап өздерінің өкілеттіктері шектерінде өз жауапкершілігін мойындауды және пайда болатын проблемаларды шешуде ынтымақтасуға міндеттеме алады.

26. Осы Келісім бойынша міндеттемелердің бұзылуына және орындалмауына кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жауапкершілік алады.

27. Келісімді өзгерту және оған толыктырулар енгізу туралы ұсыныстарды Тараптардың кез келгені енгізе алады, Комиссиямен қаралады және Министрліктің, Жұмыс берушілердің, Кәсіподактың бірлескен шешімімен қабылданады және Келісімге қосымшалар түрінде ресімделеді.

## **VII белім. Келісімнің орындалу барысына бақылау жасау**

28. Осы Келісімнің орындалуына бақылау жасауды Комиссия жүзеге асырады.

29. Комиссия жылына бір реттен кем емес Келісімнің орындалу барысын караиды және нәтижелерді салалық газетте жариялады.

30. Келісімнің бұзылу фактілері анықталған жағдайда Комиссия оған жол берген тұлғаларға бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нысанда ұсыныстар жолдайды.

Тараптар 7 күндей мерзімнен кешіктірмей өзара консультациялар жүргізуге және Келісімге толыктыру болып табылатын жазбаша түрде шешім қабылдауға міндетті.

31. Егер Келісімнің қандай да бір ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін болса немесе Қазақстан Республикасы

заннамасының езрекулерінің нәтижесінде оған қарама-қайшыи келетін болса, онда Келісімнің мүндай ережелері колдануға жатпайды.

Бұл жағдайда Тараптар Келісімге тиісті өзгерістер енгізген сәтке дейін Қазақстан Республикасының заннамасын басшылыққа алады.

32. Келісімнің мәтіні салалық газетте жарияланады.

**Осы Келісімге кол қойғандар:**

Қазақстан Республикасының  
Көлік министрі

«Қазақстан темір жолы»  
ұлттық компаниясы  
акционерлік қоғамы  
Басқарма Төрагасының  
орынбасары

«Қазақстандық салалық  
теміржол, автомобиль, эуе  
және су көлігі  
кызметкерлерінің кәсіби  
одағы» қоғамдық  
бірлестігінің Төрағасы



Осы Салалық келісімге қосылған теміржол көлігі үйымдары:

**«КТЖ-Жұк тасымалдары» ЖШС**  
Бас директоры  
(Басқарма Төрағасы)



В.В.Петров

**«Жолаушылар тасымалы»**  
акционерлік қоғамының  
Басқарма Төрағасы (Бас директоры)



Ж.Ж.Тайжанов

**«Вагонсервис» акционерлік**  
қоғамының Басқарма Төрағасы  
(Бас директоры)




Г.С.Аманбаев

**«Эскерилендірген темір жол күзеті»**  
ЖШС Бас директоры  
(Басқарма Төрағасы)



A.С.Майкеш

**«Қазтеміртранс»**  
акционерлік қоғамының  
Басқарма Төрағасы  
(Бас директоры)



К.Ә.Сәуірбаев

**«KTZ Express»**  
акционерлік қоғамы  
Басқарма Төрағасының  
(Бас директорының)  
міндетін атқарушы



К.К.Тапалов

**«Теміржолсу» акционерлік**  
қоғамының Бас директоры  
(Басқарма Төрағасы)



Т.К.Койшынулы

**«КТЖ - Жолаушылар локомотивтері» ЖСУ**  
ЖШС Басқарма Төрағасы  
(Бас директоры)



М.Ж.Медеубаев

**«Кедентранссервис»**  
акционерлік қоғамы  
Бас директорының  
міндетін атқарушы



Н.Ш.Дүйсембінов

«Күрық порты» ЖШС  
Бас директорының міндетін атқарушы



С.Жампұсұлы